

Мультимедиялық оқу презентацияларын жасау ережелері

1. Презентация жасау кезінде әдетте жіберілетін олқылықтар мен қателер

Электронды презентацияларды жасау кезінде олардың тиімділігін төмендететін әдетте жіберілетін олқылықтар мен қателер ретінде төмендегілерді атауға болады:

- Жобаның атауы немесе сабақтың тақырыбы, автор туралы мәлімет, жасалған күні, ақпарат алынған көздер және т.б. жазылатын слайдтың *алғашқы бетінің* (титул) болмауы.
- Тақырыптың мақсаты мен міндеті, мазмұнының қысқаша сипаттамасы жазылған *кіріспе бөлімінің* болмауы.
- Презентацияның бөлімдеріне сілтемесі бар *тақырыптың мазмұнының* болмауы.
- Презентацияның логикалық тұрғыдан аяқталмай қалуы: қорытынды, шешім болмауы.
- Оқу презентациясының соңғы бөлімінде құрылымдық элементтерінің болмауы: аудиторияда орындауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар, үйге берілген тапсырмалар.
- Слайдта нақты мәтіндік ақпараттың болмауы (үш шағын деректер, бір маңызды дерек).
- Слайдтағы кеңістікті орынды қолдана алмауы.
- Презентацияның фоны мен мазмұнының сәйкес келмеуі.

Стиль мен безендіру кезінде жиі кездесетін қателер:

- Оқу үдерісінде болмауы тиіс орфографиялық және стильдік қателер;
- Стильдік бірліктердің болмауы:
 - барлық тақырыптарға бірдей шрифт көлемі мен гарнитурасы (24 тараушадан аз болмауы керек);
 - мәтіндегі шрифт көлемі мен гарнитурасы бірдей болуы керек (18 тараушадан аз болмауы керек);
 - тақырыптар, беттің нөмірленуі эранның бір орнында тұруы тиіс;
 - барлық беттің түсі бірдей болуы керек және т.б.
- Түстердің дұрыс таңдалмауы: тым ашық түстердің қолданылуы, дизайнда үш түрлі түсті қолдануы (мәтіннің түсі, фонның түсі, тақырыптың түсі); ашық түсті мәтінде қою фонның қолданылуы;
- Бір презентация ішіндегі әр слайдқа түрлі фон қолданылуы;
- Слайдтағы жиектердің болмауы;
- Нашар түсірілген фотолар мен суреттердің қолданылуы;
- Times секілді шрифттердің қолданылуы;

- Мәтіндегі әр түрлі көлемдегі әріптердің қолданылып, бірізділіктің болмауы;
- Фон мен мәтіннің кереғарлығы;
- **Гиперсілтемелердің кереғарлығы** (гиперсілтеменің үш күйі болатындығын ескеру керек: тандалған, гиперсілтемені әлі қолданбаған, гиперсілтемені қолданған, барлық күйде гиперсілтеменің түсіне мән беру қажет);
- Слайдтағы сұлбалар мен материалдардың арасында байланыстың болмауы;
- Ақпаратты қабылдауға кедергі келтіретін слайд арасындағы анимациялық эффектілердің көп болуы;
- Слайдтағы анимациялық эффектілердің тез ауысуы, көрермендердің ақпаратты қабылдап үлгермеуі.

2. Мультимедиялық презентацияларды жасау кезінде ұстанатын негізгі қағидалар

● Оңтайлы көлем

Презентацияның көлемі оның мақсатына, қолданылуына өте маңызды (жаңа материалды игеру, практикалық сабақтар, аттестаттау, дәріс және т.б.), білім алушылардың контингентіне де байланысты (жасы, дайындығы т.б.).

Жалпы алғанда презентацияның көлемі 8-10 слайдтан аз болмауы тиіс. Тәжірибе көрсеткендей, оқу презентациясының көлемі 20 слайдтан аспағаны жөн (немесе 12-15 шамасында). Егер слайд тым көп болса көрерменді зеріктіріп жібереді.

Ұзақ дәрістертерге арналған танымдық сипаттағы материалы көп презентациялар бұл қатарға енбейді. Алайда бұл кезде презентацияның көлемі 50-60 слайдтан астауы керек, бір слайдқа бір минут, мазмұнына екі минут есептеледі.

● Қолжетімділік

Білім алушылардың жас ерекшелігі мен дайындық деңгейін ескерген жөн. Әрбір сөзді, сөйлемді, образды теңеулер арқылы қолданылған түсініктерді меңгергендігін қамтамасыз ету. Барлық жаңа терминдерге түсініктеме берілуі тиіс.

● Ғылымилығы

Барлық ережелер, анықтамалар, шешімдер ғылыми негізде жасалуы керек. Түрлі суреттер нақты деректерге кедергі келтірмеуі тиіс.

● Экраннан ақпараттың қабылдану ерекшелігін ескеру

Презентацияларда мәтіндерді аз қолданып, оның орнына сұлбалар, диаграммалар, суреттер, фотолар, анимациялар, фильмнен үзінділер қолданған жөн.

Слайдтағы мәтінді көрермен дұрыс қабылдамайды. Сондықтан презентацияларда (әсіресе, гуманитарлық бағыттарда) мәтінді тек

атаулар, қысқа нақыл сөздер ретінде қолдану керек. Сандарды көп қолданбаған жөн.

Презентация элементтері мен олардың жалғасының болуы маңызды. Суреттерді, анимацияларды, видео үзіктерді кезектестіріп қолдану керек. Күтпеген және алуан түрлі анимацияларды тиімді қолданған дұрыс.

- **Әсемдігі**

Презентацияны жақсы қабылдау үшін түстердің сәйкестігі, стиль мен безендірілу әсемдігі үлкен рөл атқарады.

- **Қарғындылығы**

Слайдтар мен анимациялық эффектілердің ауысуы кезінде жақсы қабылданатындай қарғын таңдаған жөн. Экраннан ақпаратты қабылдау ерекшелігін, жас ерекшелігі мен дайындығын ескере отырып, әрбір слайдтағы ақпаратты меңгеруге уақыт бөлу керек.

3. Презентацияға қойылатын жалпы талаптар. Презентацияның құрылымы

Презентацияның құрылымы

Презентация слайдтардан тұрады. Бір ережені дұрыс ұстанған жөн: бір слайд – бір ой. Егер презентацияда тезис пен бірнеше дәлел келтірілсе ол сенімдірек шығады.

Слайдта отыз сөз бен бес тараудан артық қолданбау керек. Тақырыбын мазмұнды, шрифт көлемі – 18 пт.аспауы тиіс.

Әдетте презентация мазмұнының жоспары төмендегідей болады:

- 1. Алғашқы беті (титул).** Бірінші слайдта презентацияның атауы, автор туралы ақпарат беріледі.
- 2. Мазмұны.** Бұл жерде презентацияның жоспары, негізгі тараулары, қарастырылатын сұрақтар жазылады.
- 3. Тараудың тақырыбы.**
- 4. Қысқаша ақпарат.**

Үшінші және төртінші тараулар қажетінше қайталануы керек. Бұл жерде: тезис – дәлел – қорытынды сақталуы керек.

- 5. Шешімдер.**

Шешім бөлек слайдта анық көрсетілуі қажет.

- 6. Назарларыңызға рахмет.** Бұл жерде де автордың нақты ақпараты жазылуы керек.

Сіз айтқыңыз келгеннің барлығын слайдқа салу міндетті емес. Бұл жерге тек аудитория жақсы қабылдайтын тезистер, термин сөздер, суреттер, сұлбалар, диаграммалар болғаны жөн.

Презентацияны рәсімдеуге қойылатын талаптар

Презентацияны рәсімдеу кезінде екі блок ереже көрсетіледі:

1. Ақпаратты таныстыру.
2. Слайдтардың безендірілуі.

Презентацияны сапалы құру үшін оны безендіруге қойылатын бірнеше талаптарды ұстану қажет.

Ақпаратты таныстыру

Ақпаратты таныстырудың көлемі мен түрлері:

- Ақпаратты баяндаудың қысқа түрі ұсынылады.
- Бір слайдқа шамадан көп ақпарат салуға болмады: адам бір мезгілде үш дерек, шешім, аңқытама қабылда алады.
- Оқу презентациясының бір слайды 1,5-2 минутқа есептеледі.
- Маңызды бөлімдер түсінікті болуы үшін әрқайсысы бөлек слайдқа жасалады.
- Слайдта бір бірін толықтырып тұратын түрлі ақпарат болғаны жөн (мәтін, сұлба, диаграмма, кесте, суреттер).
- Тақырыптар қысқа болып, аудиторияның назарын бірден аударатындай болуы керек.
- Мәтін жазған кезде қысқа сөздер мен сөйлемдер қолданылғаны абзал.
- Шылау, үстеу, сын есімдерді аз қолданған жөн.
- Кесте көрсеткен кезде бағандар мен жолдарды аз қолдану керек.
- Барлық ақпарат орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық тұрғыдан қатесіз болуы тиіс.
- Оқу материалын берген кезде кезеңділік сақталып, ақпарат бір слайдтың бірнеше жерінде көрініс табуы мүмкін немесе келесі слайдта жалғасы ретінде берілуі мүмкін.
- Презентация баяндамада айтылатын ойды көрнекілік ретінде толықтырып тұруы керек. Баяндама жасалған кезде басты бөлігі болмауы тиіс, алайда материалды толық қайталамауы қажет.

Слайдтағы ақпараттық блоктардың орналасуы

- Слайдтың құрылымы барлық презентацияда бірдей болуы керек.
- Слайдтар мен презентациялардағы ақпараттың логикасы оның мазмұнына сай болуы тиіс.
- Маңызды ақпарат экранның ортасында орналасуы қажет.
- Слайдтағы ақпараттық блоктар тым көп болмауы керек (аз дегенде үш, көп дегенде бес).
- Бір ақпараттық блоктың көлемі слайдың $\frac{1}{2}$ бөлігіне тең болғаны дұрыс.
- Ақпараттық блокты көлденең, мағыналас блоктар – солдан оңға қарай.
- Түсірдірмелі жазу суреттің, фотоның, диаграмманың, сұлбаның соңында жазылуы керек.

Ақпаратты ерекшеленудің тәсілдері мен ережелері

- Барлық ақпарат элементтері (мәтін, сурет, диаграмма, сұлба, кесте) фонда анық көрінуі үшін:
- Жиектемелер (суреттерді, кестелерді безендіру);
- Көлеңкелер (фоннан мәтінді ерекшелену);
- Бояулар, штрихтар (ақпараттық блок дизайнының негізі);
- Бағыттағыштар (сұлбалар мен блоктарды безендіру);
- Ақпараттық блоктағы негізгі сөздерді ерекшелену керек (түсі, шрифті т.б.)
- Ерекшелену кезінде ерекшеленген элементтер слайдтағы мәтіннен 1/3-1/2 көлемінен аспауы керек.
- Маңызды деректер үшін суреттер, диаграммалар, сұлбалар қолданылады.

Слайдтарды безендіру

Презентацияның біркелкі стилі

- Барлық презентация бірдей стильде болуы тиіс.
- Стильге жатады:
 - жалпы сұлба: ақпараттық блоктарды орналастыру тәсілі;
 - слайдтың түрлі түсті дизайны;
 - фонның түсі, қолданбалы элементтер;
 - шрифт түрлері (түсі, көлемі), ақпаратты жеткізуде қолданылатын мәтіндер (тақырыбы, негізгі мәтін, тізімдер, сілтемелер);
 - көрнекіліктерді, сұлбаларды, диаграммаларды, кестелерді безендіру тәсілдері.
- Оқу материалын жеткізудің құрылымы мен түрлерін қамтамасыз ету.
- Барлық слайдтағы сұлбалар түсі бірдей болуы керек. Бұл білім алушылар үшін слайдтың жүйелілігін көрсетеді.
- Презентацияны безендіру кезінде үш түрлі түс пен үш түрлі шрифтіні қолданбаған жөн.
 - Қосымша ақпараттар негізгі ақпараттан маңызды болмауы керек.
 - Стиль элементтерін таңдаған кезде экраннан оқыған кезде ыңғайлы болуы тиіс (түстердің үйлесімділігі, мәтін көлемі т.б.).

Түстерді қолдану ережесі

Оқу презентацияларын жасау кезінде адамдардың түстерді қабылдауының физиологиялық ерекшеліктерін ескерген жөн. Олардың маңызды түрлеріне мыналар жатады:

- жылы түстер ретінде: қызыл, сарғыш қызыл, сары;
- салқын түстер тыныштандырып, ұйқылы жағдай тудырады: күлгін, көк, көгілдір, жасыл;
- бейтарап түстер: ашық қызғылт, сұрғылт, сарғыш жасыл, қоңыр;
- екі түстің үйлесімділігі түстің белгісі мен түстің фоны – көрермендерге жайлылық тудырып, ал кейбір түстер көзді шаршатып, стресске де әкелуі мүмкін (мысалы, қызыл фондағы жасыл әріптер, көк фондағы қызыл әріптер);
- шрифт пен фон түстерінің үйлесімділігі: күрең көк түстегі ақ, ақ түстегі қара, көк түстегі сары.

Презентациядағы түстерді пайдалану бойынша келесі нұсқаулықты құрастыруға болады:

- Бір слайдта негізгі үш түстен артық қолданбаған жөн: біреуі фонға, біреуі тақырыпқа, біреуі мәтінге.
- Презентацияға түстердің сұлбасын құру төмендегідей таңдаудан басталады:
 - негізгі үш түс: фон – мәтін – тақырып.
 - басты үш түсті анықтау, мәтінді және гиперсілтемені анықтау үшін.
- фон мен мәтінге кереғар түстер қолдану керек: мәтін жақсы көрініп, оқылуы керек.
- Гиперсілтемелердің түсіне мән берген жөн: олардың түсі мәтіннің түсінен ерекшеленіп тұруы тиіс.

Балалар мен жасөспірімдерге арналған оқу презентацияларында қолдануға болмайды:

- бір электрондық бетте төрт түстен артық;
- қызыл фон;
- таңбалар мен фонның сәйкестігі 1:3 болуы керек.

Фонды қолдану ережесі

- Фон екінші жоспардағы элемент болғандықтан, ақпаратты нақтылап, оны жаппауы керек.
- Ақ түске қарағанда, жеңіл ашық түстер жақсы үйлеседі.
- Фонға салқын түстер жақсы келеді.
- Әрбір белсенді фондық сурет көзді шаршатып, материалды қабылдау тиімділігін түсіреді.
- Слайдтың дизайнын жасаған кезде мәтіннің анық көрінуіне мән берген жөн.

Мәтіндік ақпараттарды қолдану ережесі

Ұсынылмайды:

- мәтінді шамадан тыс көп қолдануға;

- түгел мәтін блоктарын қолдануға;
- сөздерді буынға бөліп қолдануға;
- жазу мен мәтін блоктарын тігінен қолдануға;
- слайдтағы мәтін оқытушы айтып тұрған мәтінді қайталамауы тиіс.

Ұсынылады:

- мәтіннің ақпараты нақты, мазмұны қысқа және түсінікті болуы керек: қысқа тезистер, есімдер, күндер, терминдер, мәтіннің негізгі тірек сөздері;
- қысқа сөздер мен сөйлемдер, шылаулар, үстеулер, сын есімдерді аз қолдану;
- тұтас мәтін орына сандарды қолдану;
- кестелі материалдарды қолдану;
- мәтінді безендірудің жалпы ережелерін пайдалану;
- мәтіннің, әріптердің бірізділігі;
- мәтіндік ақпараттардың көлденең жазылуы;
- әрбір ереже, идея мәтіннің арнайы азат жолы арқылы көрінуі тиіс;
- азат жолдың негізгі идеясын азат жолдың басына жазу,
- егер слайдта тек тақырып, сурет болса (фото сурет, диаграмма, сұлба, кесте) жақсы безендірілген болып есептеледі.

Шрифттерді қолдау ережесі

Презентациядағы ақпаратты жазу кезінде төмендегідей ережелерді ұстанған дұрыс:

- бір презентацияда түрлі әріптерді қолдану ұсынылмайды;
- алыстан жақсы көрінетін (Arial, Tahoma, Verdana) секілді шрифт түрлерін қолданған дұрыс;
- негізгі мәтінге үлкен шрифттерді қолданған жөн;
- тақырыпқа декоративті шрифтті қолдануға болады;
- мәтін жақсы оқылуы тиіс (алыс орында отырғандардың өзі оны оқи алуы керек);
- ұсынылатын шрифт көлемі: тақырыптарға – 32-50 аралығында, орташа – 36, негізгі мәтіндерге – 18 -32 аралығында, орташа – 24.
- маңызды ақпаратты ерекше белгілеп көрсету керек;
- ақпаратты ерекшелеп көрсету үшін курсив немесе жартылай қою шрифт қолданған жөн;
- Ерекшелеу көбінесе гиперсілтемелерге қолданады.

Графикалық ақпараттарды қолдану ережесі

Көру және айту элементтерінің сәйкестігі, оқу материалына бағытталуымен анықталады. Сурет мәтінге қарағанда көрнекілігі жағынан ерекшеленіп, есте тез қалады. Сондықтан мүмкін болса мәтінді ақпараттық көрнекіліктермен алмастырған жөн.

Презентацияда графика қолданатын кезде келесі ережелер мен ұсыныстарды ескерген дұрыс:

- Графика (суреттер, фотолар, диаграммалар, сұлбалар) мәтіндік ақпаратты толықтыруы тиіс немесе оны көрнекілік ретінде көрсетуі керек.
- Әрбір суреттің өз мағынасы болған жөн: презентацияда мағынасы жоқ суреттерді қолданбаған дұрыс.
- Графикалық суреттер слайдтың жалпы безердірілуіне кереғар болмағаны жөн.
- Тек жақсы сапалы суреттерді қолдану керек. Ол үшін барлық суреттер алдын ала графикалық редакторда дайындалып алынуы тиіс.

Жіберілмейді:

- фото суреттердің түрі мен түсінің сәйкес болмауы;
- өткір суреттерді қолдану;
- сканерленген, өңделмеген суреттерді қолдану; мысалы, ақ фон орнына сары немесе сұр фон қолдану;
- кескіннің көлемі графикалық редакторда орындалады. Кескін экранға қатысты қажетті көлемге дейін кішірейтіледі (үлкейтілмейді!). 1,5-2 еседен артық емес, масштаб 100 % дейін.
- слайдтағы кескін масштабын (бастапқы 100 %) тек кішірейтуге болады, 100 % артық үлкейтуге болмайды. Одан үлкейткен кезде сапасы нашарлайды, слайдтан дұрыс көрінбейді. Егер слайдта кескін 100 % ретінде салған кезде кішкентай болса, оны қайтадан графикалық редакторға салып, үлкейтін алған жөн.
- көрнекіліктерді түсіндірме мәтіндермен салған дұрыс. Түсіндірме мәтіндер сурет астына жазылады.
- кескінді мәтіннің сол жағына салған дұрыс, себебі біз солдан оңға қарай оқимыз, сондықтан адамның көзі слайдтың сол жағына түседі.
- күрделі сурет пен кескінді жайлап шығарған жөн.
- сұлбалар мен диаграммалардағы байланысты анық көрсету керек.

Дыбыстық сүйемелдеуді қолдану ережесі

- Дыбыстық сүйемелдеу слайд, презентация тақырыбының маңызы мен ерекшелігін көрсету керек, ол негізгі (маңызды) ақпараттан назарды бөлмеу керек. Егер музыкалық немесе дыбыстық сүйемелдеудің мағынасы болмаса, оны мүлдем қолданбаған жөн.
- Егер ол фондық әуен болса, тыңдаушылардың назарын бөлмей, баяндамашының сөзінің естілуіне кедергі келтірмеуі қажет. Фондық сүйемелдеу ретінде бейрелевант дыбыстарды (әуен, ән) қосу, білім алушылардың шаршаңқы сезімін тудырады.
- Дыбыс барлық тыңдаушыларға естілетіндей оңтайлы таңдау керек.
- Мультимедиялық блоктар (бірінші кезекте дыбыстық) презентацияда бір мезгілде бірнеше компьютерде отырған тыңдаушыларға көп қолданылмайды (компьютер сыныбында).
- Сонымен қатар, баяндамашы сөз сөйлейтін кезде дыбыстық сүйемелдеулерді мұқият қолданған жөн.
- Презентацияны дыбыстаудың негізгі ережесі: нақты уақыт кезінде дыбыс тек бір жерден шығу керек (презентациядан немесе баяндамашыдан).

Анимациялық әсерлер

Слайдта ақпаратты көрсету үшін компьютерлік анимацияларды қолданған жөн. Бірақ шамадан тыс әсерлерді қолданбау керек, ол аудитория ішінде жағымсыз әсер тудырады.

- Анимация жақсы ойластырылған, қысқа болуы керек:
- динамикалық үдерісті көрсету үшін;
- тыңдаушылардың назарын аудару үшін, аудиторияда жақсы орта қалыптастыру үшін;
- мәтіннің анимациясы қабылдауға жеңіл болып, білім алушылар оқып үлгеретіндей болуы тиіс.
- Анимация тым тез болмауы керек. Балалар мен жасөспірімдерге арналған презентацияларда тігінен және көлденең эффектілерді қолдануға болмайды.
- Адамның түпсанасына мультипликация үлкен әсер етеді. Оның жай видеоға қарағанда, әсері көбірек. Ашық, нақты, тез ауысатын бейнелер түпсанаға тез жатталады.
- Алайда осы жағдайда мыналарды ескерген жөн: әрбір бейрелевант қозғалатын нысан материалды қабылдауға кері әсер тудырады, назарды бөледі.